

## Жер учаскесіне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Қостанай ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 9 ақпандағы № 62 қаулысы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 18 - бабына, 69 - бабының 4 - тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31 - бабына сәйкес Қостанай ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қостанай ауданы әкімдігінің "Құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жер учаскелеріне:

кадастрлық нөмірі 12-193-086-124, ауданы 0,0071 гектар;

кадастрлық нөмірі 12-183-086-183, ауданы 0,0983 гектар;

кадастрлық нөмірі 12-183-086-355, ауданы 0,1561 гектар;

кадастрлық нөмірі 12-183-086-059, ауданы 0,3811 гектар;

кадастрлық нөмірі 12-183-101-177, ауданы 0,0600 гектар;

кадастрлық нөмірі 12-183-083-099, ауданы 0,1175 гектар;

кадастрлық нөмірі 12-183-083-085, ауданы 1,4879 гектар;

кадастрлық нөмірі 12-183-017-943, ауданы 0,0897 гектар;

кадастрлық нөмірі 12-183-017-049, ауданы 0,0925 гектар;

кадастрлық нөмірі 12-183-083-047, ауданы 1,0698 гектар қауымдық сервитут белгіленсін.

2. Қостанай ауданы әкімдігінің "Жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберілуін.

2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Қостанай ауданы әкімдігінің интернет - ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Б. Танжариков*